KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

# KAZENERGY INSIDE

№9, ҚЫРКҮЙЕК-ҚАЗАН, 2019

## БАСЫЛЫМ МАЗМҰНЫ №9


- АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА «МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК» ТАҚЫРЫБЫНДА СЕМИНАР-КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ
- ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ТУРАЛЫ
- KAZENERGY ЖӘНЕ ҚПО Б.В. «STUDENTDIGITALFEST» ЖАҢА БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ
- STUDENTDIGITALFEST БАЙҚАУЫНА ТІРКЕЛГЕН КОМАНДАЛАР ТУРАЛЫ
- ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
- 2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС  ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
- ӨНДІРІСТЕРДІҢ, ЖҰМЫСТАРДЫҢ, ПАЙДАСЫНА МІНДЕТТІ КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТЕР МЕНШІКТІ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН МІНДЕТТІ КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН, ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЗИЯНДЫ ЖҰМЫСТАРМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ЖҰМЫСКЕРЛЕР КӘСІПТЕРІНІҢ ТІЗБЕСІН КЕҢЕЙТУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ТАЛҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ОТЫРЫС
- НҰР-СҰЛТАНДА АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ ӨТТІ
- NCOC ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІ, КАСПИЙ ҚАЙРАҢЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ТАБИҒИ ОРТАСЫН САҚТАУ, ӨҢІРЛЕРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ІС-ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСУДЕ КОМПАНИЯ ӨКІЛДЕРІ СӨЗ ЕТТІ

# АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА «МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК» ТАҚЫРЫБЫНДА СЕМИНАР-КЕҢЕС ӨТКІЗІЛДІ




2019 жылғы 4 қазанда Ақтөбе қаласында «СНПС -Ақтөбемұнайгаз» АҚ алаңында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің, Ақтөбе облысы әкімдігінің, жұмыс берушілер мен Ақтөбе облысының мұнай-газ саласы жұмысшылары өкілдерінің қатысуымен «Мұнай -газ саласындағы әлеуметтік әріптестік» тақырыбында семинар-кеңес өткізілді. Ақтөбе облысының Еңбек инспекциясы басқармасының басшысы С.Аманбаев құттықтау сөзімен сөз сөйледі. Өз сөзінде ол облыстың мұнай-газ компанияларында әлеуметтік әріптестікті дамытуды және еңбек қатынастарын реттеуді талқылау бойынша іс-шараларды жүргізу қажеттілігін атап өтті, сондай-ақ Ақтөбе облысында Басқарма жұмысының негізгі бағыттары туралы айтты.

*Толығырақ:*

# ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ТУРАЛЫ



11 қазанда Қазақстан-Британ техникалық университетінің консультативтік кеңесінің бесінші отырысы өтті, оған KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры Л.Ж. Ахмурзина қатысты. Консультативтік кеңестің мақсаты – ҚР жетекші ғылыми-білім беру және инновациялық кластері ретінде ҚБТУ даму стратегиясын қалыптастыруға жәрдемдесу.

*Толығырақ:*

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

## KAZENERGY ЖӘНЕ ҚПО Б.В. «STUDENTDIGITALFEST» ЖАҢА БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ

2019 жылғы 11 қазанда KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры Ляззат Ахмурзинаның Қазақстан-Британ техникалық университетінің және Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің 2-4 студенттерімен және білім беру бағдарламаларының магистранттарымен кездесуі өтті.

«StudentDigitalFest» 2019 жылғы 24 қыркүйекте «Жастар және заман талабы» XI Жастар форумының шеңберінде жарияланған. Кездесу барысында Л.Ж. Ахмурзина студенттерге Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. демеушілік қолдауымен жүзеге асырылатын KAZENERGY қауымдастығының «StudentDigitalFest» жаңа байқауымен таныстырды және байқаудың шарттары мен кезеңдері туралы айтты.

*Толығырақ:*





## STUDENTDIGITALFEST БАЙҚАУЫНА ТІРКЕЛГЕН КОМАНДАЛАР ТУРАЛЫ




KAZENERGY қауымдастығы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. демеушілік қолдауымен іске асырылатын StudentDigitalFest (бұдан әрі - Байқау) байқауына қатысуға тіркеу нысанын жабу туралы хабарлайды. 2019 жылғы 24 қыркүйек пен 3 қараша аралығындағы кезеңде Ұйымдастырушы Байқау талаптарына сәйкес StudentDigitalFest байқауына Қазақстанның техникалық ЖОО студенттік командаларынан өтінімдерді қабылдады. Байқауға 60 командадан өтінім келіп түсті, олардың ішінде байқаудың барлық шарттарына Қазақстанның 9 өңірінен және 18 ЖОО келген 43 команда сәйкес келді.

*Толығырақ:*

**Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com**

## ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

15 қазанда Қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өтті, оған ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің, ҚР Энергетика министрлігінің өкілдері, Argus, Thomson Reuters ақпарат көздері, Euro-Asian Oil, Vitol Group of Companies қазақстандық мұнайының трейдерлері, Қауымдастыққа мүше компаниялар және т.б. қатысты.

*Толығырақ:*



## 2020-2022 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ, МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ





2019 жылғы 31 қазанда «KAZENERGY» алаңында 2020-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өндіру және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырысы өтті. Отырысқа Жұмыс тобының мүшелері ҚР Энергетика министрлігінің, «KAZENERGY» қауымдастығының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Теңізшевройл» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, North Caspian Operating Company N.V., «ҚазТрансОйл» АҚ, Карашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В., тб.

*Толығырақ:*

**Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com**

# ӨНДІРІСТЕРДІҢ, ЖҰМЫСТАРДЫҢ, ПАЙДАСЫНА МІНДЕТТІ КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ТӨЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТЕР МЕНШІКТІ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН МІНДЕТТІ КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН, ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЗИЯНДЫ ЖҰМЫСТАРМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ЖҰМЫСКЕРЛЕР КӘСІПТЕРІНІҢ ТІЗБЕСІН КЕҢЕЙТУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ТАЛҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ОТЫРЫС

2019 жылғы 31 қазанда «KAZENERGY» алаңында «KAZENERGY» қауымдастығы мүшелерінің қатысуымен отырыс өткізілді. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жұмыс берушілер Өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) көрсетілген жұмыскерлерге кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуды жүзеге асырады.



*Толығырақ:*

## НҰР-СҰЛТАНДА АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ ӨТТІ



2019 жылғы 01 қарашада KAZENERGY қауымдастығының Кеңесі Төрағасының орынбасары Ұ.С. Карабалиннің қатысуымен және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры Д.К. Хасановтың төрағалығымен KAZENERGY қауымдастығының Адами капиталды дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) өтті.

*Толығырақ:*

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

# NCOC ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІ, КАСПИЙ ҚАЙРАҢЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ТАБИҒИ ОРТАСЫН САҚТАУ, ӨҢІРЛЕРДІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ІС-ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСУДЕ КОМПАНИЯ ӨКІЛДЕРІ СӨЗ ЕТТІ







7 қарашада «North Caspian Operating Company» компаниясынан келген әріптестер KAZENERGY қауымдастығының қызметкерлерімен танысу кездесуін өткізді.

Компания өкілдері Қашаған кен орнын игеру бойынша компанияның қызметі, сондай-ақ өндірістік, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық мәселелерді қоса алғанда, NCOC даму бағыттары туралы егжей-тегжейлі сөз етті.

Мәселен, 2018 жылы «Қазақстанкаспийқайраңы» халықаралық консорциумының құрылу және Каспий теңізінде сейсмикалық-барлау жұмыстарының басталуынан бастап 25 жыл өтті. Жоба құрамына бес кен орын: Қашаған, Қаламқас теңіз, Кайран, Ақтоты және Оңтүстік Батыс Қашаған кіреді.

2016 жылы алғаш рет Қазақстан тарихында Қашаған теңіз кен орнында мұнайды коммерциялық өндіру басталды.

*Толығырақ:*

**Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com**

KAZENERGY